

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Келісілді
Қамқоршылық кеңестің төрағасы
 Күлшынбай А.Е.
«23» қараша 2023ж.

«БЕКІТЕМІН»

Колледж директоры
 А. Исаков
«24» қараша 2023 ж.



Шымкент қаласы білім басқармасының
«Политехникалық колледжі» МКҚК-нің
2023-2028 жылдарға арналған стратегиялық даму

Ж О С П А Р Ы

Қамқоршылық кеңеспен келісілген
Хаттама № 1, 23 қараша 2023 ж.

Педагогикалық кеңеспен бекітілген
Хаттама № 3, 24 қараша 2023 ж.

Шымкент 2023

Мазмұны

Рет.№	Бағдарлама құрылымы	Беттер
	Кіріспе (қысқаша аннотация)	3
1	Бағдарлама паспорты	4-5
2	Ағымдағы қызметінің жай-күйін, негізгі проблемаларды және олардың себептерін талдау (оқу, оқу әдістемелік, оқу-тәрбие, оқу-өндірістік және кәсіптік практика, жұмыспен қамту, қаржылық жағдайы, т.б. жұмыстары)	6-14
3	Ұзақ мерзімді мақсаттармен дамыту перспективаларының сипаттамасы	15-17
4	Бағдарламаның талдамалық және болжамдау негіздемесінің блогы	18
4.1	Инновациялық әлеуетін бағалау	18
4.2	Педагогтер мен олардың кәсіби бірлестіктерінің білім беру ұйымын дамытудың перспективалары мен бағыттары туралы пікірлерін зерделеу	18
4.3	Ұсынылған өзгерістердің күтілетін салдарын болжау, өзгерістер тәсілдері мен нысандарын ұсыну	19
4.4	Білім беру процесінің мазмұнына қанағаттану дәрежесін зерделеу үшін білім алушылардың ата-аналарынан сұхбат алу және сауалнама жинау	20
4.5	Кадрларға деген қажеттілікке еңбек нарығының өзгеру үрдісінің болжамы	20
5	Бағдарламаның пайымы мен миссиясы	20
6	Бағдарламаның стратегиялық блогы	21
6.1	Қазақстанның техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымының орны және рөлі	21
6.2	Дамытудың стратегияларын таңдау және кезеңдерін болжау	21
6.3	Академиялық саясат	22
6.4	Инновациялық әлеуетін дамыту және оған қол жеткізу	23
6.5	Ғылыми-техникалық зерттемелерді коммерциялау	23
7	Даму бағдарламасының нысаналы индикаторлары	24-36
	Қорытынды	37

КІРІСПЕ

Политехникалық колледжі Қазақстан Республикасы үкіметінің 1997 жылғы 8 мамырдағы №814 қаулысымен Оңтүстік Қазақстан энергетика және бизнес колледжі мен Шымкент политехникалық колледждерін біріктіру негізінде құрылған (Шымкент қаласы әкімдігінің 13 қыркүйек 2018 жылғы №165 қаулысы негізінде, Шымкент қаласының коммуналдық меншігіне қабылданды).

«Политехникалық колледжі» МКҚК-ның даму бағдарламасы ҚР «Білім туралы» заңына, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына негізделген.

2023-2029 жылдарға арналған колледждің даму бағдарламасы – білім беру, өндірістік-шаруашылық, қаржы-экономикалық және басқару қызметтерін жетілдірудің стратегиясы мен басым бағыттарын анықтайтын негізгі құжат.

Жоспарды атқарушылар және бірлесіп орындаушылар: колледждің педагогикалық ұжымы және барлық қызметкерлері, студенттер және олардың ата-аналары, жұмыс берушілер (кәсіпорындар мен ұйымдар) – әлеуметтік серіктестік субъектілері.

Жоспардың кезеңдерінің жүзеге асыру нәтижелерін колледждің Педагогикалық кеңесінің мәжілістерінде қарастырылады.

Жоспар өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ашық құжат болып табылады. Жоспарды түзету колледжді басқару органдарының шешіміне сәйкес жүргізіледі.

Жоспардың орындалуы колледждің қызмет етуі және дамуы үшін қажетті қаржылық бюджет құралдарының көлемімен, сондай-ақ қосымша бюджеттік емес қаржыландыру көздерімен қамтамасыз етіледі. Бүгінгі таңда Политехникалық колледжі оңтүстік өңірінің жетекші оқу орны бола отырып, энергетика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) және мұнай-газ өндірісі салаларындағы мамандарды негізгі орта және жалпы орта білім беру базасында «ҚР БҒМ-нің БЖҒСБК Шымкент қаласының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ 15.02.2019 жылғы №KZ53LAA00014088 берген лицензиясы негізінде келесі мамандықтар бойынша дайындайды:

06120100 – «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» 4S06120102 Желілік және жүйелік әкімшілендіру технигі
06120200 – «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» 4S06120202 Ақпараттық қауіпсіздік технигі
06130100 – «Бағдарламалық қамтамасыз ету» (түрлері бойынша) 4S06130103 Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы 4S06130105 Ақпараттық жүйелер технигі
07110500 – «Мұнай мен газды қайта өңдеу технологиясы» 4S07110502 Техник-технолог
07130200 – «Электрмен қамтамасыз ету» 4S07130202 Техник-электрик
07130300 – «Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары» 4S07130303 Техник-жылу энергетигі
07130700 – «Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» 4S07130704 Техник-электромеханик
07140100 – «Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару» 4S07140102 Техник-электромеханик
07140500 – «Сандық техника» 4S07140504 Техник-электронщик
07140900 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»

3W0714901 Телекоммуникациялық жабдықтар мен байланыс арналарын электромонтаждаушы-реттеуші 4S07140902 Телекоммуникациялық байланыс жүйелер технигі
07310100 –«Архитектура» 4S07310102 Техник – жобалаушы

1. БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ

Бағдарламаның атауы	2023-2028 жылдарға арналған даму бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасының Конституциясы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ «Білім туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 408-ІV ҚРЗ «Ғылым туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы № 252-ІІІ «Еңбек Кодексі». Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» заңы Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы №273 бұйрығы.
Бағдарламаны әзірлеуші	21.11.2023 жылы колледж басшысының бұйрығы негізінде құрылған жұмыс тобы
Колледж миссиясы	Еліміздің индустриалды-инновациялық дамуына қажетті ақпараттық технология, байланыс, энергетика, мұнай және газ саласын автоматтандыру бойынша бәсекеге қабілетті, кәсіби маман дайындау.

Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері	Орта кәсіптік техникалық мамандықтар бойынша білім беру саласының инновациялық кластерінің орталығы болу және білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында білікті де білімді мамандар тәрбиелеу және оқыту. 1. Нәтижелі, сапалы, заманауи білім жүйесін қалыптастыруда оқу процесінің басқару жүйесін, материалдық-техникалық базаны нығайту мен инженерлік-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыруды үнемі жетілдіру; 2. Сапалы оқыту мен жас мамандар даярлау үшін өндіріс қажеттілігін қамтамасыз етуге «Талап» КЕАҚ ұсынысына сәйкес оқу, ғылыми және әдістемелік қызметін жетілдіру, білім беру бағдарламаларын үздіксіз жаңарту 3. Азаматтық және кәсіптік міндетін орындауда рухани, өзін-өзі дамыту мен жетілдіруге қабілетті патриот жастарды қалыптастыру; 4. Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету. 5. Білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жабдықтау. 6. Үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу. 7. Ғылым мен техниканың тиісті салаларындағы жаңа жетістіктерді. отандық және шетелдік алдыңғы қатарлы тәжірибе туралы білімдерді алудағы мамандардың қажеттілігін қанағаттандыру. 8. Ұйымдар мен мекемелерге қажетті біліктілікке сай мамандықтарға баулу, оларға кәсіби бағыт-бағдар беру. 9. Мамандық бейіні бойынша бағдарламаларды, жобаларды, ұсыныстарды, әзірлеу. 10. Кәсіби техникалық білім беру саласында жоғарғы біліктілікті, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау жүйесін арттыру.
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	2023 – 2029 жылдар

2. Колледждің ағымдағы жағдайын талдау

2.1 Жалпы мәліметтер

1.	Оқу орнының атауы	Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК
2.	Құрылған жылы	1971 жыл, атауы Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК
3.	Меншік түрі	Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
4.	Құрылтайшысы	Шымкент қаласының әкімдігі
5.	Құрылтайшылық құжаттары	ОҚО әкімінің 18.06.1997 жылдан №140 шешімі; ОҚО Білім департаментінің 19.06.1997 жылдан № 345 бұйрығы. Шымкент қаласы әкімдігінің 13.09.2018 жылғы №165 қаулысы
6.	МКҚК тіркелуі туралы мәліметтері	Шымкент қаласы Әл-Фараби аудандық Әділет басқармасымен 2016 жылдың 13 сәуірінде № 742-1958-21-МК тіркеу нөмірімен қайта тіркелген.
7.	Білім беру қызметі туралы мемлекеттік лицензиясы	ҚР БҒМ Шымкент қаласының Білім саласындағы бақылау департаментімен 15.02.2019 жылғы №КЗ53ЛАА00014088 лицензиясы
8.	Мемлекеттік аттестаттау	Мемлекеттік қайт аттестаттау комиссиясының 2023 жылғы 14 ақпандағы хаттамалық шешіміне сәйкес: Шымкент қаласының білім басқармасының «Политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны аттестатталды.
9.	Мекен-жайы	Индексі 160012, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Желтоқсан көшесі, 30 тел: 21-44-11, 21-29-98
10.	Есептік шоты	индексі 160012, Шымкент қ., Әл-Фараби ауданы, Желтоқсан, 30 БСН 000340002294 БИК HSBKKZKX ИИК KZ83601A291000216151 АО "Народный Банк Казахстана"
11.	Сайты, электрондық поштасы	www.ukpk.kz ukpk.politech@mail.ru
12.	Ғимараттың сипаттамалары	Жалпы ауданы - 7812 ш.м. (білім беруді қоса алғанда - 5680 шаршы метр). Жобалық қуаттылығы 960 студенттік орынды құрайды. Колледж типтік ғимаратта орналасқан, оқу ғимараты бар (27 кабинет, 32 зертхана, 3 шеберхана, 20 интерактивті жабдықтар жиынтығы, мультимедиялық және лингафондық кабинеттер, химия, физика кабинеті, робототехника кабинеті, 18 компьютерлік сынып) және 200 орындық жатақхана.
13.	Педагогикалық құрам	Оқытушылар саны - 151, оның 115-і әйелдер (76,1%), зейнет жасындағы мұғалімдердің үлесі -4 (2,6%), жас оқытушылардың үлесі 6 (3,9%). жоғары санат 3 (2%) педагог- шебер -2 Бірінші санат 4 (2,6%) педагог-зерттеуші - 36 Екінші санат 11 (7,2%) педагог – сарапшы - 16 Санатталмаған 22 (14,5%) педагог – модератор -53 Магистрлер 38(25,1%) экономика ғылымдарының кандидаты -1

14.	Студенттер контингенті	Оқушылар саны - 2048, оның ішінде күндізгі бөлімде - 1838; сырттай оқу бөлімінде - 210;
15.	Кадрларды даярлау	Кадрларды даярлау 11 мамандық, 13 біліктілік бойынша жүзеге асырылады: 07110500 – «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы» 4S07110502 - техник-технолог 07130700 – «Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» 4S07130704 Техник-электромеханик 07130200 – «Электрмен қамтамасыз ету» 4S07130202 техник-электрик 07130300 – «Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары» 4S07130303 Техник-жылу энергетигі 07140100 – «Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару» 4S07140102 Техник-электромеханик 06120100 – «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» 4S06120102 Желілік және жүйелік әкімшілендіру техникі 06130100 – «Бағдарламалық қамтамасыз ету» (түрлері бойынша) 4S06130103 Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы 4S06130105 Ақпараттық жүйелер техникі 06120200 – «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» 4S06120202 Ақпараттық қауіпсіздік техникі 07140500 – «Сандық техника» 4S07140504 Техник-электронщик 07140900 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» 3W0714901 Телекоммуникациялық жабдықтар мен байланыс арналарын электромонтаждаушы-реттеуші 4S07140902 Телекоммуникациялық байланыс жүйелер техникі 07310100 – «Архитектура» 4S07310102 Техник – жобалаушы

16.	Дуальді оқыту	Колледжде дуальды оқыту 12 біліктілік бойынша 475 оқушыны қамти отырып жүргізіледі, 21 кәсіпорынмен келісімшарттар жасалды.
17.	Бітіруші, барлығы	Барлығы 329 бітіруші, оның 329 бюджеттік негізде.
18.	Жұмыспен қамтылғандар	Жұмыспен қамтылғандар жалпы саны 248 құрайды, оның 248-і мемлекеттік тапсырыс бойынша.

2.2 Материалды-техникалық база

№	Атауы	Көрсеткіштері
1.	Оқу корпусы, үш қабатты ғимарат	1971 жылы салынған
2.	зертханалық корпус	1971 жылы салынған
	- оқу-зертханалық корпустар ауданы	7748,3 м ²
	- жер телімі ауданы	1,326 га.
3.	Жатақхана, төрт қабатты ғимарат	1977 ж. салынған
	- жер телімінің жалпы ауданы	0,62 га
	- жатақхананың жалпы ауданы	1968,8 м ²
	- жатақхананың тұрғын алаңы	1178 м ²
4.	Кабинеттер, зертханалар және шеберханалардың жалпы саны	62
	оның ішінде:	
	- жалпы білім беру және арнайы пән кабинеттері	27
	- зертханалар	32
	- шеберханалар	3
5.	компьютерлік кластар	18
6.	дербес компьютерлер саны	453
7.	интерактивті тақталар	20
8.	әдістемелік кабинет	1
9.	«Шаңырақ» жастар ғаламтор орталығы	1
10.	кітапхана	1
11.	оқу залы	1
12.	спорт залы	1
13.	спорттық полигон	1
14.	асхана	1 (150 орын)
15.	акт залы	1 (336 орын)
16.	медпункт	1

2.3 Негізгі сипаттамалар

	Көрсеткіштер	Саны	Оқу жылы			
			2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	2	3	4	5	6	7
	Жалпы мәліметтер					
	оқу орнының құрылымы:					
	- бөлімшелерінің болуы:	саны	-	-	-	-
	- бөлімдер саны:	саны	5	5	5	5
	- ПБК саны:	саны	13	13	12	12
	Мамандықтар саны:	саны	9	10	11	11
	біліктіліктер саны	саны	12	14	13	13
	оның ішінде мемлекеттік тілде оқытатын:	саны	8	9	9	9
	Білім алушылар контингенті, барлығы:	саны	1794	1886	2051	2058
	оның ішінде мемлекеттік тілде оқытатын:	саны	817	843	956	988
	- күндізгі бөлімде	саны	1564	1714	1840	1854
	оның ішінде мемлекеттік тілде оқытатын:	саны	871	843	956	988
	- сыртқы бөлімде	саны	230	172	211	204
	Мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алушылар саны, барлығы:	саны				
	- күндізгі	саны	1584	1701	1839	1854
	- кешкі	саны	-	-	-	-
	- сыртқы	саны	-	-	-	-
	Ақылы негізде білім алушылар саны, барлығы:	саны	246	185	212	204
	- күндізгі	саны	16	13	1	-
	- кешкі	саны	-	-	-	-
	- сыртқы	саны	230	172	211	204
	1 курсқа қабылдау, барлығы:	саны				
	- бюджеттік негізде:	саны	475	561	642	489
	- ақылы негізде:	саны	45	45	29	32
	Бітірушілер, барлығы:	саны	374	372	329	-
	«қанағаттанарлықсыз» деген баға алған бітірушілер саны	саны %	-	-	-	-
	үздік диплом алған бітірушілер саны	саны %	21,9	22	20,3	-
	мемлекеттік аттестаттау барысындағы тәтестілеу нәтижелері бойынша оң баға алғандар	саны %	100	100	100	-
	Бітірушілердің жұмысқа орналасуы	саны %	79,9	75,5	77,8	-
	оның ішінде бюджеттік негізде:	саны %				-
	Кадрлық әлеуеті					
	педагогтар саны, барлығы:	саны	168	158	156	146
	оның ішінде штаттағылары:	саны	168	158	156	146
	- жоғары санатты	саны	54	22	25	5
	- бірінші санатты	саны	37	20	16	4

- екінші санатты	саны	55	33	29	13
- өндірістік оқыту шеберлері	саны	1	-	-	-
- білімі бойынша	саны	27	41	41	-
-педагог-шебер	саны	1	2	2	2
-педагог-зерттеуші	саны	11	21	21	36
-педагог-сарапшы	саны	2	6	7	17
-педагог-модератор	саны	3	13	15	53
-педагог	саны	-	-	-	16
екінші санаты бар басшы	саны	-	1	1	1
Екінші санаты бар басшының орынбасары	саны	-	3	3	4
Кітап қоры					
оқудың толық курсына оқу және оқу-әдістемелік кітап қоры, жалпы:	саны	74514	75458	78581	80333
электронды оқу басылымдардың саны, барлығы:	саны	826	887	887	917
Кабинеттер, зертхана және шеберханалар саны:	саны	66	66	66	62
- жалпы білім беретін және арнайы пәндер кабинеттері	саны	19	19	19	19
- зертханалар	саны	34	34	34	32
- шеберханалар	саны	4	4	4	3
Олардың дербес компьютерлермен қамтамасыздығы	саны	360	343	343	453
Білім алушылардың қамтамасыздығы:					
жатақханамен:	%	100	100	100	100
- медициналық қызмет көрсетумен	%	100	100	100	100
- асханадағы отыратын орын санымен	саны	150	150	150	150
- оқу залындағы отыратын орын санымен	саны	80	80	80	80
емдеу-профилактикалық мекемелермен	саны	1	1	1	1

2.4 Әлеуметтік серіктестер

1.	ХББ Назарбаев зияткерлік мектебі АҚ Шымкент қаласы
2.	«Шымкентцемент» АҚ
3.	«Потенциал» ЖШС
4.	«ЛКС-Сервис» ЖШС
5.	«Оңтүстік Қазақстан аймақтық ақпараттық технологиялар орталығы» АҚ
6.	«Alinamarket» ЖШС
7.	«MASH Holding» ЖШС
8.	«ID Technology» ЖШС
9.	«Mobil O.K.» ЖШС
10.	«BAZISMED» ЖШС
11.	«3-Энергоорталық» АҚ
12.	«Энергопоток» ЖШС

13.	«Ай-Сервис Транс» ЖШС
14.	«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС
15.	«Казтелерадио» АҚ
16.	«Шымкент Октан» ЖШС
17.	«Завод Электроаппарат» ЖШС
18.	«КазЭЛМаш» ЖШС
19.	«Электромонтаж» АҚ
20.	«Қуатжылуорталық-3» АҚ
21.	«ЮКГИ им. М.Сапарбаева» ЖШС
22.	«Құрылыс» ЖШС
23.	«Қазақтелеком» АҚ
24.	«Жастар ресурстық орталығы» КММ
25.	«Сервис Плюс» ЖШС
26.	«IT Invest Group» ЖШС
27.	«DIGITAL SYSTEMS» ЖШС
28.	«AZALA Textile» ЖШС
29.	«Asia Trafo» ЖШС
30.	«Конструктор -80» ЖШС
31.	«КазкоммерцБанк» АҚ
32.	«Мир-Строй и Компания» ЖШС
33.	ЮКОФ АО «Қазпошта» АҚ ОҚОФ
34.	«Омега -21» ЖШС
35.	«Жұлдыз Транс Сервис» ТОО
36.	«Автоматика Прибор» ТОО
37.	«Kaspy Construction» ТОО
38.	«Арал тұз» АО
39.	«Модерн Проект» ТОО
40.	«Энергия ВРМ» ТОО
41.	«Картел» ТОО
42.	«Сапар юг – Сервис» ТОО
43.	«Юникс – Автоматика» ТОО
44.	«Арх – проект – 1»
45.	«Отау» ТОО
46.	«Береке мол» ТОО
47.	«GG - Telekom»ТОО
48.	«M Group»ТОО
49.	«Казтелерадио» АО
50.	«Экоинвест» ТОО
51.	«Kazprint» ТОО

2.5 Дуалды білім беру жүйесі

Білім алушыларды оқытуда теориялық білімді өндіріспен ұштастыру интеграциясы дуалды білім беру жүйесін ендірумен жүзеге асырылады.

Аталған мақсатта 2021 - 2025 оқу жылында Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» Кәсіпкерлер палатасы және "Қуатжылуорталық-3" МКҚ арасында тараптар үш жақты келісімшарт жасасты.

"Қуатжылуорталық-3" МКҚ мен келісімшарт негізінде «Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары» мамандығы бойынша 631 тобында 24 білім алушы білім алуда, «Электр және электрлі механикалық жабдықтарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу» мамандығы бойынша 322у тобындағы 14 білім алушы «Оңтүстік жарық

Транзит» ЖШС мен үш жақты келісімшарт жасасқан. «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша «Шымкентлифтмонтаж» ЖШС, «Потенциал» ЖШС, «Автоматика прибор Ремсервис» ЖШС» мекемелерімен үш жақты келісімшарт жасасып, 222 тобында 26 білім алушы, 231 тобында 31 білім алушы білім алуда. «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша «СБ-ЮКО» ЖШС, "Казпочта" АҚ "Шымкент почтампт» мекемелерімен үш жақты келісімшарт жасасып, 121 тобында 24 білім алушы, 131 тобында 29 білім алушы, 136 у тобында 15 білім алушы, 1032 тобында 30 білім алушы оқуда. «Мұнай мен газды қайта өңдеу технологиясы» мамандығы бойынша "Hill Corporation" ЖШС мекемесімен үш жақты келісімшарт жасасып, 811 тобында 18 білім алушы, 831 тобында 29 білім алушы білім алуда. «Сандық техника» мамандығы бойынша «Өркен Жоба» ЖШС , «Нұр - ғажайып» ЖШС , «Жамал РМ» ЖШС , «Каз Медиа Грант» ЖШС, «Robo Park.kz» ЖШС мекемелерімен үш жақты келісімшарт жасасып, 4011 тобында 22 білім алушы, 4021 тобында 24 білім алушы білім алуда. «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығы бойынша "Казпочта" АҚ "Шымкент почтампт" мекемесімен үш жақты келісімшарт жасасып, 931 тобында 31 білім алушы білім алуда. «Архитектура» мамандығы бойынша "Shymkent Group Строй" ЖШС мекемесімен үш жақты келісімшарт жасасып, 5031 тобында 30 білім алушы білім алуда. «Радиоэлектроника және байланыс» мамандығы бойынша АО «Связьмонтажстрой», 511 тобында 22 білім алушы, "Казпочта" АҚ "Шымкент почтампт", 532 тобында 22 білім алушы, «Altimus» ЖШС мекемелерімен үш жақты келісімшарт жасасты, 521 тобында 23 білім алушы білім алуда. «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша «Best Technologies» ЖК, «KazTil - Damu» ЖШС, «IT START» ЖК, «Береке Мол» ЖШС мекемелерімен үш жақты келісімшарт жасасты, 102 тобында 19 білім алушы білім алуда. «Электрмен қамтамасыз ету» мамандығы бойынша АО «Ай Сервис Транс», «Оңтүстік жарық Транзит» ЖШС мекемелерімен үш жақты келісімшарт жасасты, 3001 тобында 21 білім алушы, 3031 тобында 21 білім алушы білім алуда. Жалпы 21 мекемемен келісімшарт жасалып, 475 білім алушы дуальды оқыту бойынша қазіргі таңда білім алуда.

2.6 World Skills қатысуы

2023 жылы өткен «WorldSkills Shymkent - 2023» кәсіби шеберлік аймақтық чемпионатына 16 білім алушы қатысып, жүлделі орындарға ие болып, оның ішінде 9 білім алушы І орын иеленген. «Web-технологиялар» құзыреттілігі бойынша Жетписбаев Чингизхан, «Бизнес үшін IT шешімдер» құзыреттілігі бойынша Абдукарим Акрамжан, «Графикалық дизайн» құзыреттілігі бойынша Бочкарев Илья, «Интернет заттары» құзыреттілігі бойынша Еркінұлы Еркеәбу, «Электроника» құзыреттілігі бойынша Алпыс Ақжол, «Электромонтажды жұмыс» құзыреттілігі бойынша Мусырманов Закир, «Желілік және жүйелік әкімшелеуді» құзыреттілігі бойынша Кемпірбай Бақдәулет, «Ақпараттық кабелдік желілер» құзыреттілігі бойынша Байнеев Аян, «Өндірістік автоматика» құзыреттілігі бойынша Легкодымов Никита І орын иеленіп, Астана қаласында өтілетін Республикалық «WorldSkills Kazakhstan -2023» кәсіби шеберлік чемпионатына жолдама алды.

2.7 Оқу-тәрбие бағыты

Колледжде студенттердің жан-жақты дамуы мен қалыптасуына зор мүмкіндіктер жасау мақсатында шығармашылық бағытта, техникалық бағытта, кәсіптік бағытта 40 үйірме, оның ішінде «Жас сарбаз» үйірмесі және студенттеріміздің салауатты өмір салтын ұстану бағыттары бойынша 8 спорттық үйірме топтары үздіксіз жұмыс жасайды. Спорттық үйірмелер үшін толық жабықталған спорт залы, кіші футбол алаңы, баскетбол алаңы мен теннис корды жұмыс жасайды. Сондай-ақ колледждің тәрбиелеу жүйесі тұлғалық тәсілдеме, азаматтылық, студент тұлғасының дамуын мақсатты бағытта басқару, тәрбиелеу жұмысында

заманауи технологияларды пайдалану негізінде құрылады. Колледждегі тәрбие жұмысы келесі міндеттерді жүзеге асыру мақсатында жүргізіледі:

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1) ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу;

2) ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3) жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4) денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1) ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «Қарашаңырақ», «Жеті ата», «Тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2) отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3) әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4) жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5) тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ұлттық мүдде, ар-ұят, талап.

Ұлттық мүдде құндылығы:

1) Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;

2) Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;

3) ұлттық мұраға ұқыпты қарау;

4) қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;

5) Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

6) қоғам игілігі үшін қызмет ету;

7) Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;

8) ұлттық мәдениетті дәріптеу.

1) отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;

2) мемлекеттік рәміздерді қадірлейді;

- 3) елінің тарихын құрметтейді;
- 4) ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді;
- 5) құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары.

Ар-ұят құндылығы:

- 1) академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- 2) адал еңбекті құрметтеу;
- 3) сөзіне берік, ісіне адал болу;
- 4) халқына адал қызмет ету
- 5) әдеп нормаларын ұстану;
- 6) шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- 7) достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу мейірімділік таныту;
- 8) өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- 1) ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- 2) сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- 3) ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- 4) достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- 5) кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- 1) сыни және креативті ойлау;
- 2) жеке және командамен жұмыс істей білу;
- 3) білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- 4) физикалық белсенді болу;
- 5) салауатты өмір салтын ұстану;
- 6) технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- 7) дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- 8) уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- 1) жан мен тән тазалығын сақтайды;
- 2) дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- 3) қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- 4) ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;

3. Ұзақ мерзімді мақсаттармен дамыту перспективаларының сипаттамасы

3.1 Оқу бөлімі

Ұзақ мерзімді мақсат: Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім алушылардың ұлттық және жалпы адами құндылықтардың, ғылым мен практика жетістіктерінің негізінде жеке адамның кәсіби қалыптасуына бағытталған сапалы білім алуы үшін жағдайлар жасау.

Ұзақ мерзімді дамыту перспективалары:

- жеке адамның сұраныстары мен мүмкіндіктерін, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алудың қолжетімділігіне жағдайлар жасауды есепке ала отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына қарай оқыту
- оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыруды қамтамасыз ету
- білім алушылармен кәсіби бағдар беру жұмысын қамтамасыз ету;
- еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес теориялық оқыту мен өндірістік оқыту арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ету;
- кәсіптік білімнің қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын сұраныстарына уақытылы бейімделуіне ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын енгізу;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім бойынша білім беру бағдарламаларын өндіріспен кіріктіру

3.2 Тәрбие

Ұзақ мерзімді мақсат: Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі педагогикалық құзыреттілік аясында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.

Ұзақ мерзімді дамыту перспективалары:

- Колледжде ата-аналармен ынтымақтастығының жаңа нысаны туралы ережені әзірлеу;
- Білім алушылардың жалпыадамзаттық құндылықтары мен эмоционалдық интеллектісін дамыту;
- Отбасы құндылықтарын насихаттау;
- Тәрбие жұмысын іске асыру бойынша педагогтердің, психологтің, әлеуметтік педагогтің ролін жандандыру;

Тәрбие жұмысының сапасын бағалаудың жүйелі мониторингін жасау.

3.3 Оқу-өндірістік және кәсіптік практика

Ұзақ мерзімді мақсат: Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі педагогикалық құзыреттілік аясында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.

Ұзақ мерзімді дамыту перспективалары:

- Үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу;
- Жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамгершілік құндылықтары, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде кәсіби қалыптасуын бағыттап, сапалы білім алуына жағдай жасау;
- Білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жоспарлы мерзімдерде жарақтандыру;

- Әлеуметтік серіктестердің санын арттыру;
- Арнайы пән оқытушыларының шет тілін білу деңгейінің арттыру мақсатында педагог қызметкерлерді шетел тілінен білімін арттыру курстарына жіберіп оқыту;
- Жұмыс берушілер талаптарына сай білім беру бағдарламаларын әзірлеу;
- Жаңа технология енгізілген кәсіпорындарға қажетті жаңа мамандықтар ашу;
- WorldSkills стандартына сай құзыреттілік орталықтарының жұмысын жандандыру;
- Инвестиция тарту арқылы материалдық-техникалық базаны нығайту;
- Арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерін тағылымдамадан өткізу;

3.4. Кітапхана

Ұзақ мерзімді мақсат: педагогикалық құрамды және білім алушыларды кітаппен жұмыс істеудің ұтымды тәсілдеріне үйрету, материалдарды іздеуге және талдауға үйрету және оқу әрекетінің ақпараттық қамтамасыз ету ептіліктері мен икемділіктеріне дағдыландыру, өзгерістерді тез арада сезінуге, сын көзімен ойлануға және қажетті ақпаратты қайта қарауға үйрету.

Колледж кітапханасы –кітап қоры және кітаппен қамтамасыз етумен ғана шектелмейді сонымен қатар мұғалімдермен тығыз байланыста жұмыс істейді. Оқырман сұранысын ескере отырып, мұғалімдердің сұранысы бойынша кітаптарға тапсырыс беріледі. Колледж кітапхана қорын «Қасым», «ИП МАНИ», «МАЗМҰНДАМА», «Дарын», «Эпиграф», «ADAL KİTAP», «ИП Bookz.kz», ИП «Тунгатарова Асылбек Мырзабекович», «ИП Салимов», «Фолиант», «Мектеп», «Альманах», т.б баспалар арқылы толықтырады. Кітап қоры 80348 дана, оның ішінде, оқулықтар 74663 дана, 27303 дана мемлекеттік тілде, Оқу-әдістемелік құралдар 1041 дана, Көркем әдебиет 3727 дана, Электронды оқулық 917 дана.

2024 жылы колледж газет журналдардың 35 атауына жазылды. Оның 25 атауы мемлекеттік тілде. Алатын басылымдарға колледж мұғалімдері өз мақалаларын, ашық сабақтарын жариялауға колледж кітапхана қызметкерлері көмек көрсетіп отырады.

Ұзақ мерзімді дамыту перспективалары:

ҚР-сы Білім және ғылым министрлігі 2022-2025 жылдарға арналған «Оқуға құштар колледж» тұжырымдамасы қолға алды. Тұжырымдама аясында колледж кітапханасында «Мобильді кітапхана», «Кітап алмасу» бұрыштары ұйымдастырылды, QR-код арқылы ұялы телефондарыңызға жүктеп кез келген кезінде оқуларыңызға болады.

Тұжырымдамада көрсетілген жоспарға сәйкес, жас оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, кітап оқуды дамыту мақсатында, кітапханада көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып өткізіліген іс-шаралар фейсбук әлеуметтік желісіне жарияланады. Колледж белсенді оқырмандары қалалық кітапханаларда өтетін іс-шараларға, байқауларға жүйелі түрде қатысып отырады.

Атап айтар болсақ, Шымкент қаласы «Абай» қалалық кітапханасы, Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы, қалалық жасөспірімдер кітапханасы, А.С.Пушкин атындағы қалалық кітапхана.

Колледж кітапханасы РАБИС бағдарламасымен жұмыс жасайды, арнайы және жалпы білім пәндері бойынша оқулықтарды, көркем шығармалар енгізіледі. Қазіргі таңда бағдарламаға 53729 дана кітап енгізілді. Қазақ тілінде - 9872 дана, орыс тілінде - 43857 дана. Колледж смарт платформасына 1204 дана электронды форматтағы кітап енгізілді.

3.5 Ақпараттық технологиялар және қоғаммен байланыс

Ұзақ мерзімді мақсат: Техникалық және кәсіптік білім беруді цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, білім беру сапасын арттыру. Халықаралық деңгейде әр түрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті жастар дайындау.

Ұзақ мерзімді дамыту перспективалары:

- білім беру үдерісін цифрландыру;
- заманауи технологиялардың білім саласында қолданылуын кеңейту;
- College «SmartNation» - техникалық және кәсіптік білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді алуға арналған бірыңғай порталының жұмысын үйлестіру; онлайн сабақтардың сапасын арттыру мақсатында «ZOOM», «TEAMS» платформасы арқылы оқушымен тікелей байланысқа шығып, тақырыптық слайдтар мен бейнематериалдарды талдау;
- цифрлық басқарумен қауіпсіздік құрылғы - турникетке жүйе енгізу. Бұл жүйе бойынша студент колледжге турникетпен кіріп, қайта шығып кеткендігі туралы хабарлама бірден әкесіне немесе анасына келіп түседі. Онда студенттің кірген-шыққан уақытын бақылап отыруға болады.
- интернет желісі қолданушыларға қолжетімді болу керек.
- сабақты қызықты өтуде ақпараттық технологиялардың заманауи жаңа компьютерлік бағдарламаларын енгізе отырып, оқу процесінде тиімді қолдану.
- цифрлық инфрақұрылымды жаңғырту. Оқытудың мультимедиялық және интерактивті құралдарын жаңарту.
- колледжде Хакатон жарыстарын өткізу. Хакатонға қатысуға арнайы шектеу жоқ. Өздерін дамытқан, өзін жетілдіргісі келетін компьютерге қызығушылығы аса жоғары оқушылар қатыса алады. Жасап шығарған өнімді пайдалануға болады. Болашақ жас ғалымдарға жол ашады.
- IT құзыреттілігі бойынша білім алушылар арасында байқау өткізу.
- Колледж іс-шараларын колледж сайтына және әлеуметтік желілерге facebook, Instagram парақшаларына үнемі салу.

3.6. Шаруашылық және қаржылық жағдай

Ұзақ мерзімді мақсат: Оқушыларға сапалы және жайлы білім алу мақсатында колледждің материалдық техникалық базасын соңғы үлгідегі құрал – жабдықтармен қамтамасыз ету.

Ұзақ мерзімді дамыту перспективалары:

- Оқу ғимаратының жылу жүйесіне және оқу кабинеттеріне жобалау – сметалық құжаттарын дайындап, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу.
- Оқу кабинеттеріндегі аспалы проекторларды интерактивті панелдерге ауыстыру.
- Оқу кабинеттеріне зертханалық жұмыстары үшін соңғы үлгідегі стендтерді алу.
- Оқу кабинеттеріндегі компьютерлерді жаңарту.
- Оқушылар парталар мен орындықтарды жаңарту.
- Оқу кабинеттеріне интерактивті тақталар орнату.

4.Бағдарламаның талдамалық және болжамдау негіздемесінің блогы

4.1. Инновациялық әлеуетін бағалау

Инновациялық әлеует - инновациялық қызметті жүзеге асыруды қамтамасыз ететін әртүрлі ресурс түрлерінің жиынтығы ретінде қарастырылады. Басқаша айтқанда инновациялық әлеуетті жүйенің өзгеруге қабілеттілігі ретінде қарауға болады. Қазіргі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында дамудың және стратегиялық өсудің басты факторы инновацияларды енгізу болып табылады. Өзінің инновациялық әлеуетін тиімді әрі жүйелі пайдалана алатын техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қазіргі нарықтық сұранысқа ие бола алатын, бәсекеге қабілетті мамандар даярлап шығаратыны сөзсіз. Яғни, жаңа идеяларды, дамудың жаңашыл тәсілдерін енгізе отырып, бәсекелік артықшылықтарын күшейте алады.

Білім беру ұйымының жұмысы инновациялық әлеуетін дамыту бойынша келесі іс-шараларды жоспарлайды:

студенттерді электрондық кітапханалық ғылыми-білім беру ресурстарын және порталдық деректер базасын белсенді пайдалануға үйрету;

заманауи цифрлық медиа кеңістігін дамытудың инновациялық аспектілерін ашу;

жыл сайынғы медиа жоспарға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдырына жарияланатын мақалалар саны мен сапасын арттыру;

оқу бағдарламалары бойынша барлық пәндерін электрондық оқу материалдарымен, мультимедиялық білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету;

студенттердің өзіндік жұмысы үшін шығармашылық тапсырмаларды, сондай-ақ өзін-өзі тексеруге арналған электронды бақылау-өлшеу материалдарын әзірлеу;

студенттердің өзіндік жұмысының жаңа нысандарын дамыту (ағымдағы бақылау және on-line кеңес беру);

жалпы білім беретін және арнайы пәндер бойынша білім алушылардың конкурстық ғылыми жұмыстарының сапасын және санын арттыру;

оқытушылар мен студенттердің колледжаралық және халықаралық жарыстарға, көрмелерге, конкурстарға, фестивальдерге қатысуын арттыру;

қашықтықтан/онлайн оқытуға қажетті электрондық әдістемелік кешендер саны мен сапасын арттыру

4.2. Педагогтер мен олардың кәсіби бірлестіктерінің білім беру ұйымын дамытудың перспективалары мен бағыттары туралы пікірлерін зерделеу

Оқу үдерісінде білім алушылар білім беру бағдарламаларының негізгі субъектілері мен негізгі тұтынушылары болып табылады, сондықтан оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз етуде олардың мүдделері басымдыққа ие болғандықтан білім беру процесінің мазмұнына қанағаттану дәрежесін зерделеуде педагогтер мен олардың кәсіби бірлестіктерінің білім беру ұйымын дамытудың перспективалары мен бағыттары туралы пікірлерін зерделеу жұмыстары үнемі жүргізіліп тұрады. 3 жылда бір рет әр педагог біліктілік арттыру

курстарынан және тағлымдамадан білімдерін арттырып, сертификат иегері болып, кәсіби біліктілігін көтеріп отыр.

4.3. Ұсынылған өзгерістердің күтілетін салдарын болжау, өзгерістер тәсілдері мен нысандарын ұсыну.

SWOT – талдау.

Strengths – күшті жақтары 1. Білім беру қызметтері нарығында көп жылдық тәжірибесі бар колледждің оң бейнесі; 2. Энергетика, АКТ және мұнай-газ салалары бойынша мамандарды даярлау үшін базалық білім беру мекемесі ретінде колледждің өзектілігі; 3. Оқу орнының үшінші мегаполис -Шымкент қаласының орталығында орналасуы; 4. Мемлекеттік білім беру мекемесінің мәртебесі, тұрақты мемлекеттік тапсырыстың болуы; 5. Әлеуметтік серіктестер қатарында Шымкент қаласының және аймақтың ірі кәсіпорындарының болуы 6. Жоғары білікті инженерлік-педагогикалық кадрлардың болуы; 7. МТБ-ның динамикалық өсуі; 8. Білім беру қызметінде ақпараттық-техникалық қолдау жүйесін енгізу; 9. Тұрақты қаржылық жағдай; 10. Колледж жатақханасының бар болуы; 11. Инженерлік-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсынан өтудің жоғары көрсеткіші; 12. Білім алушылар мен ИПҚ-ны ақпараттық қолдау.	Weaknesses – әлсіз жақтары 1. Келген талапкерлердің білім сапасының салыстырмалы төмен деңгейі; 2. Арнайы және бейіндік пәндердегі жас оқытушылардың өндірістік саладағы іс-тәжірибелерінің жоқтығы және жеткіліксіздігі; 3. Арнайы және бейіндік пәндер бойынша мемлекеттік тілдегі оқулықтар санының жеткіліксіздігі; 4. Ақылы негізде оқитын білім алушылар санының аз болуы.
Opportunities -мүмкіндіктер 1. Оқу үрдісінде ақпараттық технологиялардың ауқымын кеңейту және оны қолдану мүмкіндігі; 2. Жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес білім беру бағдарламаларына өзгерту мен толықтырулар енгізу; 3. Шымкентте және аймақта жаңа кәсіпорындардың ашылу перспективасы, сонымен қатар әлеуметтік әріптестер өндірісінің кеңейуі. 4. Оқу орны мен өндірістің интеграциясының дамуы, стратегиялық серіктестермен ынтымақтастықтың жандануы; 5. «Талап» КЕАҚ мен ынтымақтастық;	Threats – қауіптер 1. Еңбек нарығының тұрақсыздығы мен экономикалық дағдарыс; 2. Білім беру қызметтері нарығында бәсекелестік; 3. Елімізде техникалық мамандықтар үшін қажетті оқу-өндірістік жабдықтар, зертханалық стендтер мен тренажерлар өндірушілерінің жоқтығы.

4.4. Білім беру процесінің мазмұнына қанағаттану дәрежесін зерделеу үшін білім алушылардың ата-аналарынан сұхбат алу және сауалнама жинау.

Оқу үдерісінде білім алушылар білім беру бағдарламаларының негізгі субъектілері мен негізгі тұтынушылары болып табылады, сондықтан оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз етуде олардың мүдделері басымдыққа ие болғандықтан білім беру процесінің мазмұнына қанағаттану дәрежесін зерделеуде білім алушылардың ата-аналарынан сауалнама алынды.

Білім алушылардың сабақтан тыс уақыттарда пәндік және оқытылатын мамандық бойынша үйірмелерге, пікірталас дебат клубтары турнирлеріне, білім алушылардың «Достық» клубы, спорт секцияларына қатысу мүмкіндіктері бар. Бұл өз кезегінде білім алушылардың кәсіби құзыреттілігі мен қатар, әлеуметтік құзіреттіліктерін қалыптастыруға, жастардың өзін-өзі танытуы үшін арналған маңызды шаралар. Бұл шаралар келесі қызметтер арқылы жүзеге асырылады: кітапхана ресурстары, ақпараттық ресурстары, білім алушылардың тәжірибесін ұйымдастыру жүйесі, кураторлық қызмет жүйесі, тәрбие жұмысының жүйесі, медициналық қызмет, психологиялық қызмет, жатақхана беру, тамақтандыру және жұмысқа орналасу қызметі. Колледжде оқыту әдістемесі білім алушылардың оқу үдерісінде белсенділігін арттыруға негізделіп, білім алушылар мен оқытушылардың қарым-қатынасы этикалық нормаларды және өзара сыйластықты сақтауға негізделген. Колледжде білім алушылардың құқықтары қорғала отырып, білім алушыларды ауыстыру, қалпына келтіру, академиялық демалыс беру, грант тағайындау нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

4.5. Кадрларға деген қажеттілікке еңбек нарығының өзгеру үрдісінің болжамы.

2026 жылға қарай ТЖКБ-дан кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырыс көлемін 150 мың орынға дейін ұлғайту арқылы талап етілетін мамандықтар бойынша колледждерде тегін оқытумен 9-сыныптың өтініш білдірген түлектерін толыққанды қамту бойынша жұмыс жалғастырылады. Сондай-ақ, жұмысқа орналастыру міндеттемесі бар кәсіпорындардың өтінімдері бойынша кадрларды нысаналы даярлау ұлғайтылатын болады. Кадрларды даярлау сапасын арттыру мақсатында ТЖКБ жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативін екі есеге ұлғайту мәселесі бойынша ұсыныстар беру қарастырылады.

WorldSkills чемпионаттарына қатысушыларды даярлау, мектеп білім алушылары үшін кәсіптік сынамалар жүргізу, түлектер мен мамандарды сертификаттау жүйесі жөніндегі бағдарламаларды іске асыру көзделінеді.

Мамандықтар бойынша лицензиялауға көшу жүзеге асырылу мәселесі қарастырылып жатыр. Алдағы уақытта тиісті заң өз күшіне енетін болса қажетті біліктілік бойынша кадрларды даярлау және жұмыс берушілердің талаптарына жедел ден қою жөніндегі мүмкіндіктеріміз артады.

5. Бағдарламаның пайымы мен миссиясы.

Бағдарламаның миссиясы: Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның экономикасын және өндірістік әлеуетін дамытуға қабілетті, жоғары деңгейдегі жұмысшы мамандарды даярлау.

Колледждің миссиясы аймақтың әлеуметтік-экономикалық және білім кеңістігінде, сондай-ақ бүгінгі нарық жағдайында теориялық және тәжірибелік дағдыларды меңгерген, жоғары жеке қасиеттерге ие, бәсекеге қабілетті, өз білімі мен біліктілігін дамыта алатын мамандардың сұранысқа ие болуына байланысты орны мен ролін білдіреді.

Бағдарламаның пайымы:

- әлеуметтік мәртебесіне байланысты білім беру сапасындағы алшақтықтан сапалы білім алуға қолжетімділікті теңестіруге (құзыреттілік орталықтары, "цифрлық педагог", кадрларды бейімдеу және басқа да тетіктер);
- сапалы білім беру инфрақұрылымының тапшылығынан заманауи санитариялық нормаларға, қауіпсіздікке, жарақтандыру стандарттарына сәйкес келетін объектілермен қамтамасыз етуге;
- педагог кадрлардың тапшылығынан педагог орны үшін бәсекелестікке (педагогикалық мамандықтарға түсу үшін үміткерлерге қойылатын талаптарды күшейту, жұмысқа конкурспен қабылдау, ісін жаңа бастаған педагогтерді сертификаттау және басқалар), педагогтің жоғары мәртебесін қамтамасыз етуге, тағайындау және аттестаттау арқылы білім берудегі сапалы менеджментке;
- оқытудың дәстүрлі бағдарламаларынан білім алушыларды болашаққа дайындауға (білім беру мазмұнының құндылық аспектісін өзектендіру, оқу бағдарламаларының жаһандық құзыреттіліктерді, эмоционалды зияткерлікті, сыни ойлауды, білім алушылардың кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылығы негіздерін қалыптастыруға бағытталуы; оқытуды бейіндік саралау және даралау, оқыту бағыттарын таңдаудың кең және икемді мүмкіндіктері арқылы);
- техникалық және кәсіптік білімнің және оның түлектерінің қажеттілігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға (білім берудің жүйелілігін, сабақтастығын және үздіксіздігін қамтамасыз ету, инклюзивтілік, барлығы үшін сапалы білім беруге тең қолжетімділік);
- сыртқы бақылаудың қатаң әдістерінен білім беру сапасын жүйелі қамтамасыз етуге және білім беру саласындағы заңнаманың қолданыстағы нормаларын бұзушылықтардың алдын алуға және он жасаудың себептері мен шарттарын жоюға ұсынымдар беруге бағытталатын шараларға көшуді көздейтін болады.

6. Бағдарламаның стратегиялық блогы

6.1. Қазақстанның техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымының орны мен ролі

Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаев ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында білім беру-экономиканың маңызды саласы екенін атап өтті. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Президенті техникалық және кәсіптік білім беруді белсенді дамыту қажеттігін де баса атап өткен болатын.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымының орны - еңбек нарығындағы қазіргі және болашақ қажеттіліктерге жауап беретін жоғары білікті мамандар даярлай отырып, Қазақстан Республикасының жетекші білім беру ұйымдарының бірі болу.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымының ролі-техникалық және кәсіптік білім беру саласында қоғамның зияткерлі мамандарын, сонымен қатар Қазақстан Республикасының алдыңғы қатарлы техника саласындағы кәсіпорындарға болашақ ізденімпаз, жоғары кәсіби шеберлік дағдылары қалыптасқан, ақпараттық технологияларды жан-жақты меңгерген, нарықтық бәсекеге қабілетті мамандар дайындау.

6.2. Дамытудың стратегияларын таңдау және кезеңдерін болжау.

2023-2029 жылдар аралығында білім беру ұйымының қызметін регламенттейтін негізгі нормативтік құқықтық құжаттар бойынша білімді өзектендіру және жүйелеу; оның ішінде оқу-тәрбие процесін басқару; жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып, білікті мамандарды даярлау бағытындағы жұмыстарды кеңейту және оңтайландыру; практикалық

білім мен дағдыларды дамыту және жетілдіру; білікті кадрларды даярлаудың халықаралық тәжірибесін пайдалануда педагогтер мен білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға және жетілдіруге ықпал ететін қажеттіліктерді жүйелеу; білім беру процесін жаңарту; еңбек нарығының талаптарын қанағаттандыру мақсатында кәсіби мамандар даярлау бойынша бағыттары:

- Тең бастапқы мүмкіндіктер жасау;
- Кәсіптік білім беру жүйесі арқылы саналы және жан-жақты дамыған азаматты қалыптастыру;
- Жастарды оқуға және еңбек нарығына интеграциялау;
- Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, баланың қауіпсіз өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету;
- Қазақстандықтардың жаңа буынын тәрбиелеу;
- Педагогтердің кәсіптік және мәдени капиталын арттыру;
- Білім беру сапасын жүйелі деңгейде қамтамасыз ету.

6.3. Академиялық саясат

Академиялық саясат білім беру процесін ұйымдастырудың тиімділігін және білім беру сапасын арттыруға, студенттердің жеке дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етуі тиіс қағидалар мен рәсімдердің тізбесін білдіреді. Академиялық саясат студенттерге, оқытушылар құрамына, білім беру үдерісін ұйымдастыратын әкімшілік және басқарушы персоналға арналған. Саясат академиялық адалдық, сапаның ішкі кепілдігі, инновация ұстанымдарына негізделген.

Политехникалық колледжінің академиялық саясаты техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыты ретінде *интернационалдандыру (жаһанданудан туындаған қажеттіліктерін қанағаттандыру стратегиясы, сондай-ақ жаһандық әлемге тарту үшін мамандарды даярлау тәсілі)* жағдайына жұмыс істейтін, міндеттерді дамыту және іске асыру перспективаларын анықтауда дербес, колледждің миссиясын іске асыруға бағытталған білім беру процесінің барлық қатысушылары арасындағы қатынастар жүйесін анықтайды. Сонымен қатар колледж миссиясына сәйкес жұмыс берушілердің қажеттілігіне жауап беретін, қалыптасқан құзіреттілік шеңберінде өндірістік міндеттерді кәсіби деңгейде тұжырымдай алатын және оларды заманауи технологияларды қолдана отырып шешетін маман даярлау. Миссияны жүзеге асыру, мақсатқа жету және міндеттерді шешу өзара байланысты іс-шаралар, ережелер, процестер мен колледждің білім беру қызметін жоспарлау мен басқарудың үйлесімді жүйесі болған жағдайда мүмкін болады.

Білім беру қызметін кешенді жоспарлау және басқару техникалық және кәсіптік білім берудің халықаралық стандарттарына сәйкес келу және сәйкесінше миссияны сапалы орындау мақсатында оны модернизациялауға бағытталған принциптер жүйесімен қамтамасыз етіледі. Негізгі қағидалар академиялық саясаттың мазмұнын және оны іске асыру құралдарын анықтайды.

Политехникалық колледжінің академиялық саясатының принциптері:

- техникалық және кәсіби білім беру саласының әлемдік білім стандарттарына сәйкестендіру
- білім алушыға бағытталған оқу процесінің принципі
- білім, ғылым және өндірісті интеграциялану принципі
- өмір бойы білім алу қағидасы

- білім беруді интернационализациялау принципі
- техникалық және кәсіби білімнің әлеуметтік өлшемін жақсарту принципі
- инновацияны қолдану принципі.

6.4. Инновациялық әлеуетін дамыту және оған қол жеткізу.

Білім беру ұйымының инновациялық әлеуетін дамыту және оған қол жеткізу мақсатында білім беру ұйымын дамыту бойынша перспективалары мен бағыттары туралы пікірлерін зерделеу мақсатында оқытушылардан, білім алушылардың ата-аналарынан алынған сауалнама және ұзақ мерзімді мақсаттармен дамыту перспективалары нәтижесінде төмендегі ұсыныстар даму бағдарламасының нысаналы индикаторлық көрсеткішіне енгізіледі:

- білім беру үдерісін цифрландыру;
- заманауи технологиялардың білім саласында қолданылуын кеңейту;
- College «SmartNation» - техникалық және кәсіптік білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді алуға арналған бірінғай порталының жұмысын үйлестіру;
- онлайн сабақтардың сапасын арттыру мақсатында «ZOOM» платформасы арқылы оқушымен тікелей байланысқа шығып, тақырыптық слайдтар мен бейнематериалдарды талдау. Бұл оқушының білім деңгейін, жаңа сабақты қаншалықты түсінгендігін анықтауға мүмкіндік береді.
- цифрлық басқарумен қауіпсіздік құрылғы - турникетке жүйе енгізу. Бұл жүйе бойынша студент колледжге турникетпен кіріп, қайта шығып кеткендігі туралы хабарлама бірден әкесіне немесе анасына келіп түседі. Онда студенттің кірген-шыққан уақытын бақылап отыруға болады.
- интернет желісін қолданушыларға қолжетімді ету;
- сабақты қызықты өтуде ақпараттық технологиялардың заманауи жаңа компьютерлік бағдарламаларын енгізе отырып, оқу процесінде тиімді қолдану;
- цифрлық инфрақұрылымды жаңғырту, оқытудың мультимедиялық және интерактивті құралдарын жаңарту;
- колледжде Хакатон жарыстарын өткізу, қатысуға арнайы шектеу қоймау, өздерін дамытқан, өзін жетілдіргісі келетін компьютерге қызығушылығы аса жоғары білім алушыларға жол ашу;

6.5. Ғылыми-техникалық зерттемелерді коммерциялау.

Колледждің ғылыми зерттеулеріне қатысы бар барлық мәселелер бойынша колледждің саясатын қалыптастыратын негізгі «Ғылыми-техникалық зерттемелер жүргізу және коммерциялау» кеңес құрылуы керек. Бұл кеңес зерттеу жүргізу стандарттары мен этикасын әзірлеу жөніндегі шараларды жүргізеді, мақұлдайды, ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды ұйымдастырады және басқарады, сондай-ақ ғылыми орталықтар мен білім алушылар арасында ғылыми инновациялық дамуға, зерттеулерге қатысты қызметтерін үйлестіреді.

Студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын ұйымдастыру ережесі қабылданады және ереже талаптарына сәйкес жүргізіледі, студенттердің ғылыми жұмыстарының жетекшілері ӘБ отырысында анықталады, колледж директорымен бекітеді.

СҒЗЖ нәтижелерін қаржылай қолдау және өңірлік сұраныстарға байланысты коммерциализациялау:

- СҒЗЖ коммерцияландыруға ғылыми-зерттеу немесе қолданбалы нәтижелерден тұратын тәуелсіз жобалар ұсынылады, ұсынылған жобалар демеушілік қаражаттар немесе колледж қаржысы есебінен қаржыландырылады.

- студенттердің зерттеу жұмыстары ӨБ -да, зертханаларда, шеберханаларда жүргізіледі.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі мақсаттары:

- колледждің ғылыми-зерттеу қызметінің көп деңгейлі жүйесін қалыптастыру;

- инновациялық дамыған қоғам үшін креативті ойлай білетін және тез өзгертін сыртқы орта жағдайында негізделген және тұжырымды шешімді қабылдай білетін жоғары білікті маман дайындау;

- студенттердің ғылыми зерттеулері арқылы білім беру үдерісінің сапасын жоғарылату, білім беру, ғылым және тәжірибелік үдерістердің бірыңғайлығын қамтамасыз ету;

- зерттеудің ғылыми әдістерін меңгеру жолымен креативтілігін қалыптастыру.

Бұл бағыттағы жұмыс - студенттің шығармашылық дамуға деген өз құқығын жүзеге асыруға, ғылыми-техникалық жобаларға қатысуға мүмкіндік береді және колледж тарапынан қолдау, сүйемелдеу жұмысы жүргізіледі

7. ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАРЫ

1. Тең бастапқы мүмкіндіктер жасау. Басқару тиімділігін арттыру.

№	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Жоспарлау кезеңдер					
			2023ж.	2024ж.	2025ж.	2026ж.	2027ж.	2028ж.
1.	Колледжде SmartNation COLLEGE платформасы арқылы мемлекеттік қызметтерді ұсыну, сондай-ақ, «Egov» сайты арқылы электронды цифрлық қолтаңба алу жұмыстарын үздіксіз жүргізу.	-	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты

2.	Білім беру қызметі бойынша SmartNation COLLEGE автоматтандыру жүйесі негізінде жүргізілетін жұмыстарды қадағалау: -колледж директорының жеке блогі; -сабақ кестесі; -электрондық журнал; -емтихандық бақылау; -колледж оқытушылары мен қызметкерлері және студенттер контингенті; -үй тапсырмасы; -кітапхана қызметі; - колледжішілік құжат айналымы - мемлекеттік қызмет көрсету түрлері (оқуға қабылдау, ауыстыру және қайта қабылдау, ыстық тамаққа өтініш беру, құжаттардың телнұсқа беру, академиялық анықтама, академиялық демалыс)	-	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты
3.	Колледж студенттерінің өз мамандықтарына және пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылған үйірме жұмыстарының тұрақты жүргізілуін қадағалау және жандандыру.	-	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты
4.	Колледжде оқытылатын негізгі мамандықтар мен жұмысшы кәсіптерін таныстыру және жарнамалау мақсатында PR-науқан өткізу: - колледж қабырғасына талапкерлерді тарту үшін оқушылар арасында ерте кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша Шымкент қаласы жалпы білім беретін мектептермен келісім-шартқа тұру; - Келісім-шарт негізінде мектеп оқушыларын колледждің материалдық-техникалық базасымен таныстыру, түрлі іс-шараларға қатыстыру, колледждің әлеуметтік серіктестік орнатқан өндіріс орындарына экскурсия жасату; - колледж тынысы жайында бейнероликтер	-	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты
			тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты

	<i>түсіру және оны әлеуметтік желілерге жүктеу және телеарна мен БАҚ беттеріне жариялау, колледж туралы жарнама қағаздарын тарату.</i>							
5.	Білім берудің тиімділігін арттыру мақсатында колледждегі қамқоршылық кеңесінің жұмысын тұрақты жүргізу.	-	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты
6.	Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша колледжді бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналастырылған бітіруші түлектердің үлесі	%	70	72	74	75	77	78
7.	Әлеуметтік серіктестік қарым-қатынасты нығайту және кәсіпорындармен өзара келісім-шартқа түру.	сандық бірлік	51	55	60	60	65	70
8.	Өзара ынтымақтастықты нығайту және кәсіби тәжірибе алмасу мақсатында шетелдік және республикалық ТжКББ ұйымдарымен меморандумға түру.	сандық бірлік	-	1	2	3	3	3
9.	Колледждің қаржылық орнықтылығын арттыру мақсатында икемді ұйымдық-құқықтық (шаруашылық жүргізу құқығы) нысанға көшіру жұмыстарын жүзеге асыру	%	-	-	-	50	100	тұрақты
10.	Колледжді бизнес қаражаты есебінен жаңғырту, студенттердің бизнес-идеялары мен стартаптарын, кәсіпкерлік дағдыларын қолдау мақсатында студенттік бизнес-инкубаторларды жүзеге асыру.	%	-	50	100	тұрақты	тұрақты	тұрақты

Күтілетін нәтижелер:

- Колледждің басқару жүйесінде қабылданған шешімдердің жүзеге асырылуы.
- Колледждің оқытушылар құрамының кәсіби деңгейінің артуы.
- ҚР рейтингтік жүйесінде үздік колледждерінің үштігіне ену.

2. Білім беру жүйесі арқылы саналы және жан-жақты дамыған азаматты қалыптастыру

№	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңдер					
			2023ж.	2024ж.	2025ж.	2026ж.	2027ж.	2028ж.
1.	Колледжде оқу-білім беру процесін жетілдіру және жаңарту: -колледж студенттерін әлем елдері арасында үш жылда бір рет өткізілетін 15 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын тексеру мен бағалаудың халықаралық бағдарламасы PISA – ға дайындау.	%	-	100	100	100	100	100
2.	Білім сапасын арттыру мақсатында колледж студенттерін онлайн, офлайн режимінде өткізілетін конференциялар мен семинарларға және жалпы білім пәндері бойынша пәндік олимпиадаларға қатыстыру.	-	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты
3	Әлеуметтік осал отбасылардан шыққан білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды негізгі оқытылатын мамандық бойынша онлайн режимде қосымша сабақтар ұйымдастыру.	%	-	10	15	20	25	30
4	Білім алушыларды саламатты өмір салтын ұстануға насихаттау мақсатында спортпен айналысу үшін жағдай жасау (спорт зал, спорттық мүкәмалар)	%	90	95	98	100	100	100

5	Азаматтық және патриоттық деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке білім алушылардың өзін-өзі басқаруы және дебаттық қозғалыс арқылы тартылған студенттердің үлесін арттыру.	%	5	7	7	10	15	20
---	---	---	---	---	---	----	----	----

Күтілетін нәтижелер:

- Мамандарды даярлаудың кәсіби деңгейі артады;
- Жаңа білім беру стандарттарын, базалық және арнайы білім беру бағдарламасы құрылып жаңартылады;
- Қазіргі заманғы білім беру және ақпараттық технологияларды оқытудың жаңа әдістемелері оқу процесіне ендіріледі;
- Студенттердің бәсекеге қабілеттілігі дамиды.
-

3. Жастарды оқуға және еңбек нарығына интеграциялау

№	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңдер					
			2023ж.	2024ж.	2025ж.	2026ж.	2027ж.	2028ж.
1.	«WorldSkills» қозғалысы шеңберінде білім алушылардың практикалық цифрлық дағдыларын жетілдіру.	%	20	25	30	35	40	45
2	Студенттерді дуальды оқытумен қамтуды арттыру	%	25	28	35	38	39	38,5
3	«WorldSkills» аймақтық чемпионатына колледжде оқытылатын мамандықтарға сәйкес құзіреттіліктер бойынша студенттерді қатыстыру.	сандық бірлік	10	12	12	15	20	22
4	«WorldSkills» республикалық байқауына колледжде оқытылатын мамандықтарға сәйкес құзіреттіліктер бойынша студенттерді қатыстыру. (чемпионат құзіреттілігінің санына қарай)	сандық бірлік	8	9	10	10	11	11
5	«WorldSkills» Ұлттық халықаралық байқауына колледжде оқытылатын мамандықтарға сәйкес	сандық бірлік	-	1	1	1	2	3

	күзiреттiлiктер бойынша студенттердi қатыстыру.							
6	Колледждегi жұмысшы мамандықтары бойынша бiтiрушi студенттерге бiлiктiлiк беруде WorldSkills тәсiлi негiзiнде практикалық дағдыларын сапалы және кешендi бағалауға бағытталған және оқу процесiне енгiзiлген демонстрациялық емтихан түрiнде алуды жалғастыру.	%	-	80	100%	100%	100%	100%
7	Бiлiктiлiктi тану орталығының сертификаттауынан өткен бiтiрушi түлектердiң мониторингiсiн жасау және соның нәтижесiнде сапаны арттыруға жұмыс жүргiзу	-	-	тұрақт ы	тұрақт ы	тұрақт ы	тұрақт ы	тұрақты

Күтiлетiн нәтижелер:

- колледж студенттерiнiң кәсiби шеберлiк дағдысы артады.

4. Балалардың құқықтары мен мүдделерiн қорғау, баланың қауiпсiз өмiр сүру жағдайын қамтамасыз ету.

№	Нәтижелi индикаторлар	Өлшем бiрлiгi	Жоспарлы кезеңдер					
			2023ж.	2024ж.	2025ж.	2026ж.	2027ж.	2028ж.
1.	Балалардың құқықтық қорғалу деңгейiн, кәмелетке толмағандардың әлеуметтену көрсеткiштерiн, психологиялық қызметтерiнiң тиiмдiлiгiн, ақпараттық қауiпсiздiгi мен қауiпсiз инфрақұрылымын айқындау бойынша әлеуметтiк зерттеу жүргiзу, бiлiм алушылардың	бiрлiк	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты

	құқықтық сауатын арттыру мақсатында құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесулер өткізу.							
2.	Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің алдын алу бойынша балалардың құқықтарын қорғау жұмыстарын жүргізу. Өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар мен түзету, дамыту жұмыстарын жетілдіру, суицидтік жағдайлардың алдын алу (коррекциялық сабақ, сауалнама, семинар, тренинг)	бірлік	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты
4.	Кәмелет жасқа толмаған білім алушылардың әлеуметтену жағдайын бақылау мақсатында тұрмыс жағдайларымен танысу, үйлерін аралау.	-	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты
5.	Колледж студенттерінің денсаулығын және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етудің деректер қорын жасау, денсаулығын қадағалау мақсатында кездесулер, медициналық тексерулер өткізу.	%	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты
6.	Колледждің ішкі және сыртқы бейнебақылау камераларының болуы	%	100	100	100	100	100	100
7.	Білім алушылардың қауіпсіз өмір сүруіне қолайлы жағдайды қамтамасыз ету мақсатында колледждің бейнебақылау жүйелерін дабыл түймелері арқылы жедел басқару орталығымен интеграциялау.	%	100	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты
8.	Терроризмге қарсы қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында профилактикалық іс-шаралар ұйымдастыру және қауіпсіздік құралдарын пайдалануды, алғашқы медициналық көмек беру түрлерін үйрету.	%	100	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты

9.	Колледжде турникеттің болуы және бетті тану құрылғыларын орнату	сандық бірлік	1	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты
----	---	---------------	---	---------	---------	---------	---------	---------

Күтілетін нәтижелер:

Колледждегі оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету бағыты бойынша жұмыстарды үздіксіз дамытылып отырады.

5. Қазақстандықтардың жаңа буынын тәрбиелеу

№	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңдер					
			2023ж.	2024ж.	2025ж.	2026ж.	2027ж.	2028ж.
4-мақсат:								
1.	Ұлттық, адами құндылықтарға негізделген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында студенттерді бүкіл адамзаттың рухани байлығы мен мәдениетін білуге, түсінуге ықпал ететін барлық қалалық, колледжішілік іс-шараларға қатыстыру.	-	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты
2.	Колледж бен ата-аналардың өзара іс-қимылының жаңа форматын қалыптастыру: - Колледжде оқу-тәрбие жұмысын жан-жақты бақылауда ата-аналар мен колледж арасындағы байланысты күшейту, оқу процесімен жақын таныстыру және жаңартылған білім мазмұнындағы жаңалықтармен бөлісу мақсатында «Ашық есік күнін» өткізуді ұйымдастыру; -Сабақ кестесі бойынша ата-аналардың сабаққа қатысуы және сабақ соңында пікір тыңдау.	-	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты
3.	Колледжде ата-аналармен ынтымақтастығынын	%	50%	100%	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты

	жаңа нысаны туралы ережені әзірлеу							
4.	Колледж студенттеріне әскери-патриоттық тәрбие беру мақсатында ұйымдастырылған "Жас Сарбаз" әскери-патриоттық клуб мүшелерінің үлесі.	сандық бірлік	124	130	135	140	145	150
5.	Колледжден тыс және жалпы білім беретін ұйымдарда спорттық секциялар бойынша ұйымдастырылған спартакиадаларға (командалық және жеке) қатысатын колледж студенттерінің үлесі	сандық бірлік	20	20	30	33	33	35
6.	Колледждегі спорттық секцияларға қатысатын студенттер үлесі	сандық бірлік	330	335	340	345	350	355
7.	Колледж студенттері арасында «Үздік студент», оқу топтары арасында «Үздік топ» конкурстарын ұйымдастырып өткізу.	-	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты
8.	Жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру шеңберінде "Ұшқыр ой алаңы" атты студенттердің дебаттық қозғалысына қатысатын студенттердің үлесі	сандық бірлік	50	55	60	65	70	75
9.	«Ашық жүрек» жобасы бойынша колледжде волонтерлер клубын құру және колледж студенттері арасынан құрылған еріктілер тобын "Қоғамға қызмет" атты волонтерлер жобасына қатыстыру	сандық бірлік	20	22	25	27	30	32
10.	Колледждегі белсенді, шығармашыл жастарды колледждің «Өзін-өзі» басқару ұйымына тарту	%	8	9	10	11	12	13

Күтілетін нәтижелер:

Колледждегі тәрбие бағыты бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелілігін және колледж студенттерінің белсенділігі артады.

6. Педагогтердің кәсіптік және мәдени капиталын арттыру

№	Нәтижелі индикаторлар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңдер					
			2023ж.	2024ж.	2025ж.	2026ж.	2027ж.	2028ж.
1.	Колледж педагогтарын жаңа өндірістік технологияларды зерделеу мақсатында өндіріс орындарынан тағылымдамалардан өтуді ұйымдастыру.	%	70%	80%	85%	90%	95%	100%
2.	Колледжге өндіріс орындары мен кәсіпорындардан арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері ретінде мамандар тарту	%	10	12	12	14	15	18
3	Колледж педагогтарының біліктігін арттыру мақсатында арнайы оқыту курстарынан өтуді ұйымдастыру және жаңартылған озық тәжірибелерді тарату мақсатында семинарлар өткізу.	Кестеге сәйкес	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты
4	Білім беру ұйымы педагогтерінің жалпы санынан педагог-шебер, зерттеуші, сарапшы және модератордың біліктілік деңгейі бар педагогтердің үлесін арттыру.	%	70	73	76	79	83	87
5	Оқытушылардың кәсіби құзіреттілігі мен кәсіби дамуын жетілдіру (пән бойынша әдістемелік нұсқаулар, құралдар, оқулықтар даярлау, сапалы бейнесабақтар түсіру).	%	15	25	30	35	40	45
6	Колледж оқытушыларының құрамының сапасын арттыру мақсатына ЖОО-дан білікті оқытушы-профессорларды тарту.	%	-	1	1	2	3	4

7	Оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында цифрлық, гибридік оқыту дағдыларын дамыту.	%	-	30	100	тұрақты	тұрақты	тұрақты
8	Қалалық, республикалық деңгейде өтетін «Үздік колледж», «Үздік педагог» конкурстарына қатысу.	-	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты
9	Кітапхана мен оқырмандар арасындағы байланысты үздіксіз дамыту. Колледж кітапханасының қорын жаңарту.	- сандық бірлік	тұрақты 22818	тұрақты 23700	тұрақты 24620	тұрақты 25560	тұрақты 26510	тұрақты 27470
10	Ғылыми, тақырыптық мақалаларын БАҚ беттеріне үздіксіз жариялап отыруды жүзеге асыру: - колледж оқытушылары; - колледж студенттері.	%	10 1	20 1,5	30 2	40 2,5	50 3	60 3,5

Күтілетін нәтижелер:

- колледж педагогтерінің жалпы санынан жаңа форматтағы біліктілік деңгейі бар педагогтердің үлесі артады;
- педагогикалық кәсіби біліктілік деңгейін дамыту, шығармашылық жұмыстардың нәтижелілігі көрініс табады;
- педагогтердің кәсіби дағдылары мен білімдері дамиды.

7. Білім беру сапасын жүйелі деңгейде қамтамасыз ету.

№	Нәтижелі индикаторлар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңдер					
			2023ж	2024ж	2025ж	2026ж	2027ж	2028ж
1.	Өңірлік, жоғары білім беру ұйымдарымен, ірі және шағын өндіріс орындарымен, отандық және шетелдік білім беру ұйымдарымен әріптестік қарым-қатынас орната отырып, жұмыстар атқару.	-	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты

2.	Оқытушылардың белгілі бір академиялық кезеңде (семестр немесе оқу жылы) ғылыми зерттеулер үшін ел ішінде немесе шетелде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін басқа ұйымға жіберуді жоспарлау және академиялық кезеңге қатысушының жеке жұмыс жоспарын даярлау.	бірлік	-	2	3	5	5	8
3.	Студенттердің белгілі бір академиялық кезеңде (семестр немесе оқу жылы) білім алу үшін ел ішінде немесе шетелде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін басқа ұйымға жіберуді жоспарлау және академиялық кезеңге қатысушының жеке жұмыс жоспарын даярлау.	бірлік	-	2	3	5	5	8
4.	Жұмыс берушілердің сұранысы бойынша халықаралық стандарттарға сай мамандар даярлау сапасын арттыру.	%	10	12	30	35	40	45
5.	Жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету	%	50	60	70	80	90	100
6.	Аймақтық, республикалық «WorldSkills» ұлттық чемпионатына конкурсанттар дайындау мақсатында колледж базасында құзыреттілік орталығын ашу.	бірлік	2	2	2	тұрақты	тұрақты	тұрақты
7.	Жас маман» жобасы аясында құрылған Тәуелсіз Индустриялық кеңес ұсыныстарын ескере отырып, жұмыстарды жандандыру.	-	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты
8.	Қызметкерлерге қойылантын талаптар негізінде әкімшілік құрамын және педагогтарды оқыту, сертификаттау.	бірлік	45	45	25	20	40	20
9.	«Жас маман шеңберінде» құрылған құзыреттілік орталығындағы студенттердің машықтану үлесі	бірлік	50	70	80	100	100	250

9	«Оқуға құштар колледж» жобасы аясында арнайы кесте бойынша іс-шаралар өткізу.	бірлік	22	23	23	тұрақты	тұрақты	тұрақты
10	Колледж кітапхана қорын мемлекеттік тілдегі арнайы пән оқулықтарымен толықтыру	бірлік	485 дана	500 дана	тұрақты	тұрақты	тұрақты	тұрақты
11.	Оқу ғимаратының жылу жүйесіне, оқу кабинеттеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалық – сметалық құжаттарын дайындап, мемлекеттік сараптамадан өткізу	бірлік	-	-	-	1	-	-
12.	Оқу ғимаратындағы жылу жүйесіне және оқу кабинеттеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу	бірлік	-	-	-	1	-	-
14.	Оқу кабинеттеріндегі аспалы проекторларды интерактивті панельдерге ауыстыру	бірлік	-	5	10	15	20	20
15.	Оқу кабинеттеріндегі парта мен орындықтарды ауыстыру	комплект	300	300	150	150	300	150
18.	Оқу кабинеттеріндегі орындықтарды ауыстыру	комплект	600	600	300	300	300	300
19.	Оқу кабинеттеріндегі оқытушылар столдары мен орындықтарын ауыстыру	бірлік	20	20	15	20	10	20
20	Білім беру ұйымын міндетті аттестаттау рәсімінен өтуге дайындық жұмыстарын жүргізу.	%	100	-	-	-	-	100
21	Колледжде халықаралық аккредиттеу талабынан өтуге дайындық жұмыстарын жүргізу.	%	-	-	-	-	100	-

Күтілетін нәтижелер:

- отандық және шетелдік еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар даярлауда оқытудың озық тиімді әдіс-тәсілдері енгізіледі;
- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында колледж мәртебесі артады;
- колледждің материалдық-техникалық базасы жетілдіріліп, кеңейтіледі;
- «Жас маман» жобасы аясында колледждің материалдық-техникалық базасын халықаралық талаптарға сай нығаяды;

Қорытынды

Сапалы білім және саналы тәрбие беруде колледждің қала ғана емес республикалық деңгейде өзіндік орны қалыптасуы үшін 2023 - 2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарды жүзеге асыру қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды сапалы дайындауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК-ның 2023-2028 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарын әзірлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің әлеуметтік-экономикалық саясатымен, техникалық кәсіптік білім беру жүйесін дамытудағы жаңа басымдықтармен, елде және әлемде болып жатқан инновациялық процестермен анықталған.

Стратегиялық даму жоспарын әзірлеу кезінде колледждің қазіргі жағдайы және оның сипаттамалары талданды, оқу орнының миссиясы, көрінісі және стратегиялық мақсаттары тұжырымдалды, SWOT-талдау жүргізілді, тәуекелдерді басқару мәселелері қарастырылды, сондай-ақ елдің техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы колледждің көшбасшылық позициясы мен жоғары беделін қалыптастыру қаралды.

Оқу орнының стратегиялық даму жоспарының мазмұнынан көрініп тұрғандай 2023-2028 жылдар аралығындағы стратегиялық мақсаттардың орындалуы айқындалды.

Колледжге жаңа заманауи оқу құралдарын алу, арнайы пәндер бойынша қазақ, орыс тілдеріндегі оқулықтардың және электронды бағдарламалардың санын көбейту, оқытушылардың, білім алушылардың белгілі бір академиялық кезеңде (семестр немесе оқу жылы) білім алу және ғылыми зерттеулер үшін ел ішінде немесе шетелде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін басқа ұйымға жіберуді жоспарлау, республикалық және шетелдердегі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарымен меморандумдар жасау үлкен өзгерістер әкелері анық.